

Бекітемін:
Мектеп директоры: Р. Кабдулин

«А» тамбы



МЕКТЕПТІК ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

«Каменка ауылы жалпы орта мектебі» КММ

2025-2026 оқу жылы

Мектептің әдістемелік тақырыбы:

«Жанартылған білім беру аясында заманауи білім мен тәрбие сапасына қол жеткізудің факторы ретінде педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»

Қазіргі қоғам жағдайында ақпараттың орасан көлемде қолжетімді болуы сын тұрғысынан ойлау мен мәліметтерді талдау қабілеттерін өмірде табысты болу үшін қажетті дағдыға айналдырды. Сонымен қатар, цифрландырудың жаһандық үрдістерін ескере отырып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту, яғни технологияларды қауіпсіз әрі тиімді пайдалану қабілеттерін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Тақырыптың мақсаттары мен міндеттері:

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту:

- Ақпаратты талдау, жинақтау және бағалау дағдыларын қалыптастыру.
- Мәселелерді шешу және негізделген шешім қабылдау әдістерін меңгерту.

2. Цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру:

- Ақпараттық технологияларды қауіпсіз және жауапты түрде пайдалануға үйрету.
- Оқу мен өзін-өзі дамытуға арналған цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

3. Оқытудағы инновациялық әдістерді интеграциялау:

- Жобалық әдіс, кейс-әдіс және белсенді оқытудың басқа түрлерін енгізу.
- Интерактивті білім беру ортасын құру үшін цифрлық платформалар мен ресурстарды пайдалану.

Күтілетін нәтижелер:

- Инновациялық оқыту әдістерін оқу үдерісіне табысты енгізу.
- Оқушылардың білім беру процесіне белсенді қатысуы үшін жағдай жасау.

Тақырып аясындағы негізгі іс-шаралар:

Оқушылардың жобалық қызметі:

- Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды ұйымдастыру.

Дөңгелек үстелдер мен конференциялар:

- Инновациялық тәсілдерді енгізу тәжірибесін және олардың оқу процесіне әсерін талқылау.

Нәтижелерді мониторингтеу және бағалау:

- Оқушылардың сыни ойлау және цифрлық сауаттылық деңгейін тұрақты түрде бағалап отыру.

Әдістемелік жұмыстың түрлері:

1. Әдістемелік семинарлар

Форматы: Ашық талқылаулар, практикалық сабақтар, тәжірибе алмасу.

2. Мастер-класстар

Форматы: Практикалық сабақтар, мұғалімдер жаңа әдістемелермен, технологиялармен және жобалық жұмыстарды жасауға арналған цифрлық құралдармен танысады.

3. Вебинарлар

Форматы: Барлық педагогтерге қолжетімді онлайн формат.

4. Шығармашылық топтар

Форматы: Шағын топтарда жұмыс істеу, жаңа тәсілдерді әзірлеу және сынақтан өткізу.

5. Практикалық кейстерді талқылау

Форматы: Практикадан алынған нақты жағдайларды талдау, нәтижелер мен қорытындыларды талқылау.

6. Ашық сабақтар

Форматы: Мұғалімдер ашық сабақтар өткізеді, содан кейін өткізілген сабақ талданып, қорытынды жасалады.

7. Конференция

Форматы: Барлық педагогтердің қатысуымен өтетін қорытынды конференция, жетістіктер мен келесі жылға арналған жоспарларды талқылау.

8. Жеке кеңес беру

Форматы: Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарларымен немесе тәжірибелі әріптестермен жеке кездесулер өткізіп, нақты мәселелерді талқылау.

9. Жеке кеңес беру

Форматы: Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарларымен немесе тәжірибелі әріптестермен жеке кездесулер өткізу, нақты мәселелерді талқылау.

Мектептің әдістемелік қызметінің негізгі құрамдас элементтері келесі компоненттерді қамтиды:

1. Әдістемелік бірлестіктер:

Пәндер немесе бағыттар бойынша мұғалімдер топтарын құру, олардың ортақ максаттар мен міндеттер аясында бірлесіп жұмыс істеуі.

2. Жоспарлау және ұйымдастыру:

Әдістемелік жұмыстың жылдық және қысқамерзімді жоспарларын әзірлеу, максаттар мен міндеттерді, жұмыс түрлерін анықтау.

3. Біліктілікті арттыру:

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру және жаңа әдістемелермен таныстыру мақсатында курстар, семинарлар, мастер-класстар мен тренингтер ұйымдастыру.

4. Әдістемелік қолдау:

Оқыту әдістемесі бойынша мұғалімдерге кеңес беру, оқу материалдары мен технологияларды әзірлеуде көмек көрсету.

5. Тәжірибе алмасу:

Ашық сабақтар, педагогикалық кеңестер, дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізу арқылы тиімді тәжірибелер мен әдістермен бөлісу.

6. Талдау және бағалау:

Білім беру процесінің нәтижелерін бақылау және талдау, қолданылып жүрген әдістер мен технологиялардың тиімділігін бағалау.

7. Ғылыми-әдістемелік жұмыс:

Жаңа педагогикалық технологияларды зерттеу және енгізу, әдістемелік ұсынымдар мен материалдар дайындау.

8. Құжаттама:

Әдістемелік құжаттаманы жүргізу — жоспарлар, есептер, әдістемелік ұсынымдар және басқа да материалдарды дайындау.

9. Инновацияларды енгізу:

Білім беру процесіне жаңа тәсілдер мен технологияларды енгізу, инновациялық жобаларды қолдау.

10. Сыртқы ұйымдармен ынтымақтастық:

ЖОО-лармен, ғылыми орталықтармен және басқа білім беру ұйымдарымен байланыс орнату, тәжірибе және ресурстар алмасу.

Бұл әдістемелік тақырыпты таңдау қазіргі қоғамның талаптары мен сын-қатерлеріне сәйкес келеді. Ұсынылған іс-шараларды жүзеге асыру білім беру сапасын арттырып қана қоймай, оқушыларды цифрлық әлемде табысты өмірге дайындауға мүмкіндік береді.

№ п.п.	Іс-шараның мазмұны (іс-шараның атауы)	Мерзімде рі	Жауапты	Нәтиже
1	Аттестаттау комиссиясын құру	тамыз	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Бұйрық
2	Сараптамалық кеңес құру	тамыз	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В.	Бұйрық
3	«педагог-модератор» біліктілік санатын беру (растау) жөніндегі аттестаттау комиссиясының және сарапшылық кеңестің отырыстары	тамыз	Аттестациялық комиссияның торағасы, эксперттік кеңес	Хаттама
4	Аттестациядан өтетін мұғалімдерден құжаттар мен өтініштерді белгіленген тізімге сәйкес қабылдау, әңгімелесу өткізу және ағымдағы жылы аттестациядан өтетін педагог қызметкерлердің тізімін жасау.	Жыл бойы	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізіміне сәйкес өтініштерді қабылдау және тізімдерді бекіту
5	Аттестациялық комиссияның жұмысын жоспарлау және бекіту.	тамыз	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Жұмыс жоспары
6	Педагог қызметкерлердің өтініштерін қарастыру бойынша аттестациялық комиссияның отырысы.	Жартыжылдықта бір рет	Аттестациялық комиссия мүшелері	Хаттама

7	Аттестация бойынша мәліметтер мен аттестациядан өтетін педагог қызметкерлер туралы ақпаратты білім бөліміне ұсыну.	Қыркүйек, қаңтар	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Отініш
8	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстық даярлығы.	Кесте бойынша	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Курстық дайындық пен қайта даярлау кестесі
9	Аттестациядан өтетін педагогтердің ашық сабақтар кестесін құру және бекіту.	қыркүйек	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В.	кесте
10	Дарынды балалармен жұмыс ұйымдастыруға қатысты нормативтік құжаттарды оқу. Мотивациясы жоғары оқушылардың тізімін жасау.	қыркүйек	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	Оқушылар тізімі
11	Таңдап алынған оқушылармен жұмыс жоспарын құру (пәндік сайыстар мен олимпиадаларға дайындалу үшін факультативтер ұйымдастыру).	қыркүйек	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	Дарынды балаларды дайындау бойынша жұмыс жоспары
12	Тәжірибені семинарлар мен конференцияларда қорытындылау, байқауларға қатысу.	Жыл бойы	Аттестациядан өтуші педагогтар	Педагогикалық тәжірибені жинақтау

13	2025-2026 оқу жылы үшін мектеп мұғалімдерінің өзін-өзі дамыту жоспарларын тексеру.	қыркүйек	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В.	Мектеп мұғалімдерінің өзін-өзі дамыту тақырыптарын таңдау
14	Мектептің педагог қызметкерлерінің аттестациясы бойынша жұмыс нәтижелері.	мамыр	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Жиналыс
15	Мектеп сайтының «Инновациялық қызмет» бөлімін толтыру.	Жыл бойы	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т.	Қорытынды баяндамалар, докладтар және т.б.
16	Нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес оқушылардың жобалық қызмет дағдыларын калыптастыру.	Қазан – қараша	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері Жобалардың жетекшілері	Педагогикалық ұжымның шешімі
17	Мектептегі педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу барысында инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесін педагогтер арасында бөлісу.	Әдістемелік бірлестік отырыстары (тоқсанын а бір рет)	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	Педагогтардың шығармашылық белсенділігін арттыру, кәсіби шеберліктің өсуі

18	Педагогтардың дамуын рейтинг негізінде мониторингтеу ұйымдастыру	Токсанына бір рет	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Кульжанова Д.Т. Мектептің әдістемелік бірлестігі	мониторинг
19	Мектептік олимпиадалар мен пән апталықтарын өткізу кестесін бекіту.	қыркүйек	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В.	Кесте
20	Пәндік сайыстар мен олимпиадаларға дайындалу үшін факультативтер ұйымдастыру. Аудандық пәндік сайыстар мен олимпиадалар өткізу.	Желтоқсан – қаңтар – ақпан	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В.	Кесте
21	9-11 сыныптарда мемлекеттік жалпыға ортақ аттестацияға және Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындық жүргізу.	наурыз	Мектептің әдістемелік бірлестігі Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері	Педсовет
22	Бастауыш сынып оқушыларына арналған аудандық пәндік олимпиадалар.	Сәуір-мамыр	Бастауыш сынып мұғалімдері Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	Кесте, өтініштер
23	Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық — жаңа оқу жағдайларында мектептің білім беру бағдарламасын сапалы жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.	сәуір	Сынып жетекшілері	Ата-аналар жиналыстары Ата-аналарға консультациялар
24	Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық — жаңа оқу жағдайларында мектептің білім беру бағдарламасын сапалы жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.	жыл бойы	Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	Мақалалар, баяндамалар

25	Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру — авторлық бағдарламалар құру арқылы жүзеге асады.	Мұғалімдердің өзін-өзі дамыту жоспарына сәйкес	Әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	Диагностика, әдістемелік бірлестіктердің хаттамасы
Әдістемелік кеңес отырыстары Мақсаты: 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысты жүзеге асыру.				
1	Әдістемелік кеңес отырысы №1 Оқу жылының ашылуы және басым міндеттерді анықтау 1. «2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындылары, 2025-2026 оқу жылына арналған міндеттер». 2. Педагогикалық құрамды нормативтік құжаттармен таныстыру. 3. Жоспарды талқылау және бекіту. 4. Мектептің әдістемелік жұмысы мен әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер (ӘБ) жұмыстарының жоспарлары туралы, 2024-2029 жылдарға арналған Мектептің даму бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде: МБ (мектепшілік бақылау) мәселелері; дарынды балалармен жұмыс жоспарларын әзірлеу талаптары; педагогтың жинақтау құжаты (жинақтаушы папка); мұғалімнің өзін-өзі дамытуға арналған құжаттар жинағы	тамыз	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Мектептің әдістемелік бірлестігі	№1 хаттама

	(Өзін-өзі дамытуға арналған папка).			
2	Әдістемелік кеңес отырысы №2 Педагогикалық консилиум: «Инновациялық оқыту әдістері. Оқушылардың сыни ойлауын дамыту» 1. «Оқытуда жобалық әдісті қолдану: тәжірибе мен практика» 2. «Білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды интеграциялау» 3. «Сыныптағы сыни ойлауды қалыптастыру әдістері мен тәсілдері» 4. «Кейс-әдіс — оқыту құралы ретінде: практикалық ұсынымдар»	Қазан	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В. Барабан И.А. Ауел Б. Кениг Т.Н. Саржанова Г.Т.	№ 2 хаттама
3	Әдістемелік кеңес отырысы №3 Әдістемелік марафон: «Білім сапасын бағалау. Оқыту және тәрбиелеудің психологиялық аспектілері. Ата-аналармен жұмыс» 1. «Оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдері» 2. «Сыныптағы қиын балалармен жұмыс әдістері» 3. «Ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу формалары»	желтоқсан	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері Чернышева А.Н. Глотов А.В. Зайнулинова А.Н.	№3 хаттама
4	Семинар-практикум: «Инклюзивті білім беру.	наурыз	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары	№ 4 хаттама

	Қауымдастықпен жұмыс» 1. «Инклюзивті оқытудың негіздері: тәсілдер мен тәжірибелер» 2. «Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс» 3. «Білім беру үдерісін жетілдіру мақсатында жергілікті қауымдастықпен серіктестік орнату»		Весельская О.В. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері Глотов А.В. Барабан С.Г. Саржанова Г.Т.	
5	Әдістемелік кеңес отырысы №4 Ақпараттық-әдістемелік семинар 1. «Оқушылардың жетістіктерін талдау: жетістіктер мен проблемалар» 2. «Келесі оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары: басым бағыттар» 3. «Жыл бойы қолданылған тиімді тәжірибелер мен әдістемелерді талқылау» 4. «Әдістемелік кеңестің жылдық жұмысының қорытындысы: жетістіктер мен ұсынымдар» 5. «2025–2026 оқу жылындағы жобалық қызметтің нәтижелерін талдау» 6. «2026–2027 оқу жылына арналған мектептің әдістемелік жұмыс жоспары жобасын талқылау».	мамыр	Оқу- ісінің жөніндегі директордың орынбасары Весельская О.В. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері	№ 5 хаттама